

Қазақстан Республикасының темір жолдары бойынша бюджетке және бюджеттен тыс қорларға берешегін өтеу тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 30 желтоқсан N 1684

Қазақстан темір жолдарын қайта ұйымдастыру рәсімдерінің және олардың төлем қабілетін қалпына келтіру бойынша шаралардың жүргізілуіне байланысты және жүк жөнелтушілердің дебиторлық берешегіне және химия, металлургия және көмір өнеркәсібінің бірқатар кәсіпорындарының қарыздарын тоқтатуға байланысты туған темір жолдардың ауыр қаржы жағдайын ескере отырып Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Салық комитеті, Еңбек министрлігі, Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі Қаржы министрлігімен бірлесіп 1996 жылдың 25 қарашасындағы жағдай бойынша бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін төлемдер бойынша берешегін өтеу мерзімін Алматы, Тың және Батыс Қазақстан темір жолдарына 1 жыл мерзімге ұзартсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті тиісті министрліктермен бірлесіп Алматы, Тың және Батыс Қазақстан темір жолдарының бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төленетін төлемдер бойынша берешегін өтеудің келісілген кестесін қабылдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі